

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20

БЕШЫТКИЛК - ЕТТИЛЕР!

ТАЛАН
ДИНИ
САГА
ДИНИ
САГА

ОТАНҮШӨ
ОТКА ТУС
КҮНӨСӨН


ОТАНҮШӨ
ОТКА ТУС
КҮНӨСӨН

ДЕНСАТЛИК
БУТЛУМ








"Сыйластығымыз жарасқан" дөңгелек үстел 7-8 сынып



"Ынтымағы жарасқан туған өлкем - Қазақстан"



9 - сынып



Сабақтың тақырыбы: «Бейбітшілік-ел тілегі!»

Сабақтың мақсаты: Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық дәстүрлерін, мәдениетін, салт-дәстүрін, өзіндік үлгі-өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Оқушыларды мемлекетіміздің достық пен бейбітшілік қарым-қатынасы мен тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Достығы жарасқан ұлт өкілдеріне арналған мемлекеттері туралы слайдтар, достық тақырыбына көсем сөздер, ұлттық киім киген оқушылар, ұлттық тағамдар.

Сабақтың барысы :

Екі жүргізуші шығып:

Сыр бойында баулардан,

Алатаудай таулардан.

Сарыарқамдай даламнан,

Теңіз Каспий, Аралдан.

Баян сұлу Жібектей,

Төлегендей түлектей,

Ұл-қызы бар елімнен,

Жұлдызы бар жерімнен.

Сәлем, саған туған ел!

Аспаны бір, күні бір.

Жұлдызы бар бір, түні бір.

Арманы бір, жыры бір,

Даласы бір, гүлі бір.

Сәлем саған, туған ел!

Жүргізуші: Қош келіпсіздер, құрметті қонақтар, көрермендер!

2-жүргізуші: «Бейбітшілік-ел тілегі!» атты іс шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Мұғалім: Қазақстан тәуелсіз ел болып, егеменді, дербес мемлекет атанғалы биыл 32 жыл болайын деп тұр. Бұл қажырлы еңбектің, төзімділік пен жеңістердің 32 жылы. Бұл да – бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың 32 жылы.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы біздің мемлекеттің ұлттық саясатының тарихында ғана емес, сонымен бірге әлемдік практикада «ұлттық мәселені» шешуде де жаңа беттер ашып берді. Біздің елімізді дағдарыс иірімінен алып шығып, ауқымды апаттарға ұрынбауға мүмкіндік берген жанкешті еңбектің қалыпты емес шешімдерді қинала іздестіру мен қабылдаудың жылдары ретінде тарихқа енеді.

Біз жаңа толыққанды қоғам-азат та құқылы адамдардың қоғамын құрдық.

Ең бастысы-біз өзіміздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен келісімді, адамдардың жүрегінде өзара түсіністік пен сенімді сақтай алдық. Қазақстандықтар ұлттық төзбеушілік пен өшпенділікке ұрынбастан, шынайы біртұтас халыққа айналды. Осының бәрі алғашқы күннен бастап біз ұлттық келісімді өзіміздің басты басымдылығымыз және мемлекет саясатының өзегі ретінде айқындауымыздың арқасында ғана мүмкін болды.

1-жүргізуші: Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде тұр аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан.

2-Жүргізуші Ортақ бізге бір Отан.

Ортақ жердің байлығы.

Еңбек ортақ, жыр ортақ,

Ортақ бізге барлығы.

Екеуі бірге: Байлықтың ең үлкені- халықтар достығы.

1-жүргізуші: Біздің қазақстан жерінде **130 дан астам ұлт**

өкілдері тұрады.бүгін осында татар, орыс, грузин,қырғыз,әзербайжан ұлт өкілдерінен бүгінгі іс-шарамызға қатысуға келіп отыр. Осы ұлт өкілдеріне қошеметтеп қол шапалақтап қояйық./ду қол шапалақ/

2-Жүргізуші Бүгінгі іс шараның өткізілу жоспарымен таныстырып өтейін. Іс шарамыз 4 турдан тұрады.

1- тур. Ұлт өкілдерінің тілектері.

2-тур. Өз ұлтымның өнері.

3- тур. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте.

4-тур. Дастарқан сәні-ұлттық тағамдар.

5-тур. Достық түбі- береке, береке түбі-мереке.

1-жүргізуші: Сонымен 1-тур. Ұлт өкілдерінің тілектері.

Орыс мәдени орталығы: 1-оқушы. Алматы облысына қарасты Орыс мәдени орталығы 1992 жылы құрылған еді. Содан бергі кезеңде біздің орталық өлке жұртшылығының баянды тірлік құруы үшін аз еңбек сіңірген жоқ. Әрине негізгі мақсатымыз- славян мәдениетін дамытуға, орыс тілін оқытуға ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттауға бағытталған. Біз елімізде ешқандай қақтығыс, төңкерістің болмағанын қалаймыз. Қазақстан қашанда осындай тұрақты қалыпта болып, төбемізден күн күліп тұрса екен дейміз. Басқа біге түк керек емес. Барлық мерекелерде басқа халықтармен бірге өзіміздің өнерімізді көрсетіп, ән салып, би билеп, той тойлаймыз. Біз үшін басты мәселе өзара түсіністігімізді дамыту.
Қазақстан жасасын!

2-оқушы:Думан елім ,

Асқар белім.

Шалқар көлім,

Құшағын жайған айдыным,

Мәңгілікке панам өзің.

2-Жүргізуші Ендігі сөзді Грузин мәдени орталығына берейік.

1-оқушы:

Жетісу ,Сарыарқа жерінде ата-бабаларымыз қалай келіп тұрақтап қалғаны тарихтан мәлім. Қазақтардың кеңдігі мен бауырмалдылығы ның арқасында біздің грузия халқы да өсіп-өніп жақсы тіршілік кешуде. Мына біздің аталарымыз,көптеген қиын жағдайларды бастарынан өткерді. Олардың біраз ұрпақтары қонақжай қазақ халқының жерінде тұрақтап қалды. Қазақстанды өз Отаны санайды. Еліміз табиғи ресурстарға өте бай. Ал, байлықтың ең үлкені – халықтар достығы. Біз осы достықты нығайта білуіміз керек,бір-бірімізді құрметтеп, еліміздің ертеңі үшін қызмет етуіміз керек.
Жасасын, жүрегі бауырмал қазақ елі!

2-оқушы. Много слов сказано,

Сколько песен сложено

И стихов искренних

На разных языках

О степях ветренных, О тебе вечная, Цветущая земля!

1-жүргізуші:Ендігі сөзді Қырғыз мәдени орталығына берейік:

1-оқушы: Мүмкіндікті пайдалана отырып, бәрімізге айтарым, қашанда жүзіміз жарқын, көңіліміз шат болып тұру үшін ұлтаралық ынтымақтастықты нығайту, жалған айтпай, берген уәдені орындау басты парызымыз екенін ұмытпайық. Құдайға шүкір, Конституциялық құқығымыз да ел қатарлы қорғалуда. Біз қазақстандықтар бейбіт өмірде, жақсы тұрмыста адамша өмір сүргенді қалаймыз. Ешкім де, ешқашан да ұрыс-керіс, жанжал, айқашумен жақсы тұрмыс жаай алмайды. Жасасын достықты жақтаған Қазақ елі!

2-оқушы: Асқарлы қарлы шың,
Аялаған ән құсым.
Туған жер армысың,
Саған мың алғысым!

2-Жүргізуші Келесі сөзді татар мәдени орталығына берейік.

1-оқушы: Біз қазақ халқының шексіз дарқандығын айтқымыз келеді. Бүгінде бүкіл әлем Қазақстаннан үлгі алуына болады. Өйткені достығы, бірлігі мықты ел қашанда дараланып тұрады. Қазақстан Республикасында тұратын мақтан тұтатын ұлттың бірі-біздер татарлар. Дініміз бөлек болса да, түпкі тіліміз бір болғандықтан қазақ тілін үйренуге балаларымыз да бейім. Қазақ жеріндегі жақсы тұрмысымыз туралы сырттағы бауырларымыздың аузынан естіп төбем көкке бір елі жетпейді. Жасасын Қазақстан!

2-оқушы Своих детей храни, земля,
Пусть ночи будут мирными
У нас на всех одна, одна земля.
Своих детей люби, Земля
Мы вместе будем сильными,
Ведь Родина у нас на всех одна.

1-Жүргізуші: Келесі сөз кезегін қазақстан мәдени орталығына берейік.

1-оқушы Егемен ел бесігі жыл өткен сайын еңсесін биіктетіп келеді. Осы тәуелсіз мемлекетімізді уақыт талабына сай салиқалы ақылмен, терең парасат-пайыммен басқарған елбасын қалай мақтап, мадақтасақ та жарасады. Көп ұлтты халықтың арасында «ши» шығармай бірлік пен ынтымақтың ұйтқысы болып, дер кезінде республикадағы ұлттардың Ассамблеясының жұмысын жандандырып, олардың тілін, әдет-ғұрпын насихаттауға мүмкіндік жасалуын қадағалап келеді. Осылайша ел басқарудың ауыр міндетін қайыспай көтеруде. Елбасына деген ізгі ниет, бауырлық қимас сезімге толы. Мемлекетімізде істеліп жатқан игілікті істеріміздің барлығы осы тыныштық үшін.

2-оқушы. Баста батыр, Бақытқа байтағыңды.
Халқын тағы өз сөзін айта білді.
Аспан түстес, Көгілдір айшық туың,
Ерке өзендей екпінің, ағының бай.,
Қолдады жұрт досыңдай, бауырыңдай.
Орысың да қолдады ойлы ұлым деп,
Татарың да қолдады тамырыңдай.
Барлық ұлттың ұлысың, Бар ұлыстың,
Республика намысын алып ұштың.

1-Жүргізуші: Осымен 1-турымыз аяқталды, тілектеріңізге көп рахмет! Ал енді келесі 2-турға көшейік.

2-Жүргізуші: 2-тур. Өз ұлтымның өнері.

Асқарлы қарлы шың,

Аялаған ән құсым.

Туған жер армысың,

Саған мың алғысым – деп өз ұлттарыңыздың өнерлерін шашу ретінде ұсыныңыздар.

2-тур. Орыс мәдени орталығы сіздерді ортаға шақырамыз.

Келесі кезек грузия..

Келесі ... т.б.

1-Жүргізуші: Жер- Анамыз жасайды тарлық кімге?

Кетпеу үшін мәңгілік қалғып түнде.

Қайталанып, жаңарып айтылады,

Бейбітшілік деген сөз барлық тілде.

3- тур. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте.

2-Жүргізуші: Бұл турда - Туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдерді әр ұлт өз тілдерінде айтады, кім қазақша эквивалентін бірінші тапса, туларын биігірек көтеріп жауап береді.

1-Жүргізуші: бұл турда, яғни тек өз тілінде ғана емес, мемлекеттік тілде де біліктіліктеріңізді көрсетесіздер. Ал, бастайық. 1ші кезекті орыс мәдени орталығы сіздерге берейік.

2-Жүргізуші: Келесі- татар мәдени орталығы....

Келесі Грузия мәдени орталығы....

Келесі қырғыз мәдени орталығы...

Келесі қазақ мәдени орталығы.... –бұған жауапты өз тілдеріңізде айтыңыздар.

Берілетін:

Мақал-мәтелдер

1. Достық күші – бірлікте,

2. Ынтымақ- достықтың бірлігі.

3. Туған жердей, жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

4. Отан үшін күрес- елге тиген үлес.

5. Отансыз адам-ормансыз бұлбұл.

6. Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады.

1-Жүргізуші: Бәрекелді, жақсы біз Қазақ жерінде тұрып жатқаннан кейін бәрімізге мемлекеттік тіл білу парыз деп есептейміз. Президентіміз айтқандай :»Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде»

2-Жүргізуші: Достық түбі-береке, Береке-түбі-мереке. дегендей

Осы мерекеге қандай ұлттық тағамдарыңызбен келдіңіздер,оны қалай дайындадыңыздар,қалай аталады сол туралы айтсаңыздар.

4-тур. Дастарқан сәні-ұлттық тағамдар.

1-Жүргізуші: 1-кезек орыс мәдени орталығы өздеріңізге беріледі.

Бәрекелді, қандай тағам,ғажап ...

Келесі. Қырғыз мәдени орталығы сіздер...

Рахмет,Өте дәмді,сәнді ғажап ұлттық тағамдар түрлерімен таныстық,дайындықтарыңызға рахмет!

2-Жүргізуші: Республикам Менің!

Республикам Менің!

Абатым!

Көркінді көрсе-мейірі көздің қанатын!

Қуат бар сен де лапылдап от боп жанатын,

Шуақ бар сен де достасып бірге табатын!

Соңғы -5-тур. Достық түбі- береке, береке түбі-мереке.

1-Жүргізуші: Туып-өскен еліміз,жеріміз Отанымыз туралы ,салт дәстүр,ән-күй, өлең жырларыңызды ортаға салуға шақырамын.

Әдеттегідей 1-ші тур орыс мәдени орталығы өздеріңізге беріледі..

2-Жүргізуші: Республикам менің!

Республикам менің!

Келбеттім!

Кең бесігіңді кемел еліңді тербеттің!

Кіндігі сенің қазағым үшін жер,көктің!

Алғысын айтам ақ жүрегімнен мен көптің!

/Музыка. ән орындайды./

Жүргізуші: Осымен, «Бейбітшілік- ел тілегі!» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.

Қатысқан оқушыларға , қызықтаған мына сіздерге көп рахмет! Келесі кездескенше!